

## 2006 жылғы 1 қарашадағы<sup>1</sup> банк секторының ағымдағы жағдайы

Қазақстанда 2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 34 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 30 банк, банктердің 33 филиалы және 250 есеп айырысу-касса бөлімі орналасқан.

<b>Банк секторының құрылымы</b>		<b>01.01.06</b>	<b>01.11.06</b>
1.	Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	35	34
	-шетелдің қатысы бар банктер	15	14
	-жарғылық капиталда <sup>2</sup> мемлекеттің 100% қатысы бар – банктер	1	1
2.	Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	385	326
3.	Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны	1106	1343
4.	Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	11	23
5.	Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны	18	23
6.	Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	34	33
7.	Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктер саны	9	10

**Капитал.** Екінші деңгейдегі банктердің жиынтықты меншікті капиталының есеп айырысу<sup>3</sup> мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 261,8 млрд. теңгеге (44,6%-ға) ұлғайды және 01.11.06 жылғы жағдай бойынша 849,0 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 39,3%-тен 513,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 52,5 %-тен 333,6 млрд. теңгеге дейін артты.

<b>Меншікті капиталдың динамикасы млрд. теңге</b>	<b>01.01.06</b>	<b>01.11.06</b>	<b>Өсімі % -бен</b>
1-ші деңгейдегі капитал	368,4	513,3	39,3
Жарғылық капитал	244,7	365,3	49,3
Қосымша капитал	27,2	5,3	-80,5
Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	73,3	131,8	79,8
2-ші деңгейдегі капитал	218,7	333,6	52,5
Бөлінбеген таза кіріс	70,8	44,0	-37,9
Реттелген борыш	184,7	303,5	64,3
3-ші деңгейдегі капитал	0,0	4,0	-
Барлық меншікті капитал	587,2	849,0	44,6

2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері негізінен өзгерген жоқ және k1 - 0,07 (0,06 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банктер үшін нормативі – 0,05), k2 - 0,148 (0,12 нормативі кезінде) болды, (банк холдингі банктер үшін қатысушысы болып табылатын нормативі – 0,10).

<b>Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері</b>	<b>01.01.06</b>	<b>01.11.06</b>
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы(k1)	0,08	0,07
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,15	0,13
Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,19	0,17
Меншікті капиталдың құрылған провизияларға қатынасы	3,41	2,83
Меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,48	0,44
Меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	8,57	5,85

**Активтер.** Ағымдағы жылдың басынан бастап банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 2 402,0 млрд. теңгеге (53,2%-ке) ұлғайды және есепті күнге 6 917,1 млрд. теңге

болды.


Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.06		01.09.06		Өсімі, (%-бен)
	млрд. теңге	% -бен жиынтығы	млрд. теңге	% -бен жиынтығы	
Қолма-қол ақша	88,0	1,9	131,3	1,9	49,2
Корреспонденттік шоттар	243,2	5,4	616,4	8,9	153,5
Бағалы қағаздар	651,7	14,4	834,9	12,1	28,1
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	345,6	7,7	155,4	2,2	-55,0
Банкаралық заемдар	108,2	2,4	223,3	3,2	106,4
Клиенттерге берілген заемдар	2 953,8	65,4	4 767,10	68,9	61,4
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	26,7	0,6	46,4	0,7	73,8
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	55,8	1,2	81,4	1,2	45,9
Басқа активтер	42,1	0,9	60,9	0,9	44,7
<b>АКТИВТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ</b>	<b>4 515,1</b>	<b>100,0</b>	<b>6 917,1</b>	<b>100</b>	<b>53,2</b>

Банктер активтерінің құрылымында клиенттерге берілген заемдар (68,9%), бағалы қағаздар портфелі (12,1%), корреспонденттік шоттардағы қалдықтар (8,9%), банкаралық (3,2%) үлкен үлес алады. Басқа банктерде орналасқан салымдар бойынша шоттардағы қалдықтары – 190,2 млрд.теңгеге немесе 55,0%-ке азайды, клиенттерге берілген заемдар – 1 813,3 млрд. теңгеге немесе 61,4%-ке ұлғайды, ал бағалы қағаздар – 183,2 млрд.теңгеге немесе 28,1%-ға ұлғайды, корреспонденттік шоттардағы қалдықтар 373,2 млрд. теңгеге немесе 153,5 %-ға өсті.

2006 жылдың басынан бастап жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері 3 675,4 млрд. теңгеден (67,8 %-ға) 9 096,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.


Сонымен қатар, сапасы бойынша активтер және шартты міндеттемелердің жіктелуінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Стандартты активтердің және шартты міндеттемелердің үлес салмағы 73,3%-дан 74,6%-ға дейін ұлғайды, күмәнділер – 25,4%-дан 23,6%-ға дейін төмендеді, үмітсіз активтер және шартты міндеттемелер үлесі - 1,3%-дан 1,8%-ға дейін ұлғайды.

Структура активов банковского сектора :  
состоянию на 01.01.06г. (%)



- Требования к клиентам
- Вклады, размещенные в других банках
- Ценные бумаги
- Корреспондентские счета
- Наличные деньги
- Прочие


Структура активов банковского сектора по состоянию на 01.11.06г. (%)




	01.01.06	01.11.06
Активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының динамикасы		

	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтық % -бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтық % -бен
<b>Барлық активтер мен шартты міндеттемелер</b>	<b>5 421,1</b>	<b>100</b>	<b>9 096,5</b>	<b>100,0</b>
<b>Стандартты</b>	<b>3 971,4</b>	<b>73,3</b>	<b>6 792,5</b>	<b>74,6</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>1 378,2</b>	<b>25,4</b>	<b>2 142,8</b>	<b>23,6</b>
1 санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1 132,5	20,9	1 788,0	19,7
2 санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	38,8	0,7	85,8	0,9
3 санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	142,6	2,6	182,8	2,0
4 санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	28,7	0,5	36,1	0,4
5 санатты күмәнді	35,6	0,7	50,1	0,6
Үмітсіздер	<b>71,5</b>	<b>1,3</b>	<b>161,2</b>	<b>1,8</b>

Структура ссудного портфеля по качеству на 01.01.2006г. (%)



Структура ссудного портфеля по качеству на 01.11.2006г. (%)



Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 58,2%-тен 59,0%-ке кеміді, күмәнділердің үлесі 39,5%-тен 38,9%-ке дейін азайды, үмітсіздердің үлесі және 2,3%-дан 2,9 %-ға дейін өсті.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.06		01.09.06	
	негізгі борыш сомасы	жиынтық % -бен	негізгі борыш сомасы	жиынтық % -бен
Несиелік портфельдің барлығы	<b>3 062,0</b>	<b>100</b>	<b>4 990,4</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>1 783,2</b>	<b>58,2</b>	<b>2 901,7</b>	<b>58,2</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>1 210,3</b>	<b>39,5</b>	<b>1 943,7</b>	<b>38,9</b>
1 санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	985,5	32,2	1 610,7	32,3
2 санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	34,3	1,1	82,0	1,6
3 санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	129,5	4,2	171,7	3,4


4 санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	27,2	0,9	34,8	0,7
5 санатты күмәнді	33,8	1,1	44,5	0,9
<b>Үмітсіздер</b>	<b>68,5</b>	<b>2,3</b>	<b>145,0</b>	<b>2,9</b>

**Міндеттемелер.** 2006 жылдың басынан бастап екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 2 263,6 млрд. теңгеге (55,6%-ға) ұлғайды және есепті кезеңнің соңына 6 337,0 млрд. теңге болды.


Міндеттемелер құрылымында мейлінше көп үлесті клиенттер алдындағы міндеттемелер алады - 65,9%. Жыл басынан бастап басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған реттелген борыштар мен заемдар тиісінше 64,3% және 61,8% ұлғайды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.06		01.11.06		Өсімі в %-бен
	млрд. тенге	в % к итогу	млрд. тенге	в % к итогу	
Клиенттер алдындағы міндеттемелер <sup>4</sup>	2 532,9	62,2	4 172,7	65,9	64,7
Банкаралық депозиттер	185,1	4,5	137,5	2,2	-25,7
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	3,1	0,1	2,6	0,0	-16,1
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	26,5	0,7	28,2	0,4	6,4
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	576,8	14,2	933,1	14,7	61,8
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	163,5	4,0	144,5	2,3	-11,6
Реттелген борыштар	184,7	4,5	303,5	4,8	64,3
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	273,0	6,7	387,9	6,1	42,1
Басқа кредиторлар Прочие кредиторы	71,0	1,7	122,1	1,9	72,0
Басқа міндеттемелер	56,8	1,4	104,9	1,7	84,7
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>4 073,4</b>	<b>100</b>	<b>6 337,0</b>	<b>100,0</b>	<b>55,6</b>

Структура обязательств банковского сектора по состоянию на 01.01.2006г. (%)



Структура обязательств банковского сектора по состоянию на 01.11.06г. (%)



2006 жылдың басынан бастап клиенттердің салымдары<sup>5</sup> 1 644,2 млрд. теңгеге немесе 65,2%-ке ұлғайды және 2006 жылғы 1 қарашада 4 167,2 млрд. теңге болды.

2006 жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың салымдары талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша қалдықтарының на 53,8%-ға ұлғаюы есебінен 47,4% немесе 282,7 млрд. теңгеге өсті.

млрд. теңге


№	Клиенттердің депозиттері	01.01.06 ж.		01.11.06 ж.		Өсімі %-бен Прирост, в %	
		Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында
1.	Салымдардың барлығы оның ішінде:	2 523,0	1 584,3	4 167,2	2 485,8	65,2	56,9
2.	Заңды тұлғалардың салымдары, оның ішінде:	1 926,2	1 299,8	3 287,7	2 167,9	70,7	66,8
	Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдарымен клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	1 319,5	993,7	2 053,3	1 540,3	55,6	55,0
	Талап ету бойынша салымдар	7,3	2,8	12,5	2,1	71,2	-25,0
	Мерзімді салымдар	597,0	301,7	1 218,8	623,7	104,2	106,7
	Шартты	2,4	1,6	3,1	1,8	29,2	12,5
3.	Жеке тұлғалардың салымдары, оның ішінде:	596,8	284,5	879,5	317,9	47,4	11,7
	Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	83,6	24,8	106,1	23,0	26,9	-7,3
	Талап ету бойынша салымдар	19,7	9,1	30,3	12,1	53,8	33,0
	Мерзімді салымдар	492,7	250,3	742,2	282,4	50,6	12,8
	Шартты	0,8	0,3	0,9	0,4	12,5	33,3

Өз кезегінде заңды тұлғалардың салымдары 70,7%-ке, оның ішінде мерзімді депозиттер - 104,2% (621,8 млрд. теңге) және клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары 55,6%-ке (733,8 млрд. теңгеге) өсті, талап ету бойынша салымдар бойынша қаражат сомасы 71,2%-ке ұлғайды.

**Өтімділік.** Ағымдағы жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша банк жүйесінің өтімділік деңгейі жоғары деңгейде сақталды. 2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасы кезде 1,44 болды, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті барынша төмен 0,5 мөлшері кезде – 1,15 болды.

**Кірістілік.** 2006 жылғы 1 қарашада екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 43,9 млрд. теңге мөлшерінде (2005 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша – 43,9 млрд.

Динамика уровня ликвидности банковского сектора



теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 695,1 млрд. теңге болды (2005 жылғы 1 қарашадағы – 391,7 млрд. теңге), шығыстар – 651,2 млрд. теңге (2005 жылғы 1 қарашадағы – 329,5 млрд. теңге) болды.

Мынаны атап өткен жөн, ағымдағы жылдың 10 айында банктер өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда табыс салығы төленгеннен кейін 44,0млрд.теңге таза кіріс алды, бұл, «Валют-Транзит Банк» АҚ зиянды қызметінің нәтижесінде өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 29,3%-ға аз.

<b>Банк секторының кірістілігі, млрд. теңгемен</b>	<b>01.11.05</b>	<b>01.11.06</b>	<b>Өзгеруі</b>
Сыйақы алуға байланысты кірістер	269,0	487,1	81,1
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	141,9	264,8	86,6
<b>Сыйақы алуға байланысты таза кіріс</b>	<b>127,1</b>	<b>222,3</b>	<b>74,9</b>
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	121,5	206,9	70,3
<b>Сыйақы алумен байланысы жоқ таза кіріс (шығын)</b>	<b>179,4</b>	<b>370,5</b>	<b>106,5</b>
<b>Чистый доход (убыток), не связанный с получением вознаграждения</b>	<b>-57,9</b>	<b>-163,6</b>	<b>182,5</b>
<b>Көзделмеген баптар</b>	<b>-0,5</b>	<b>0,9</b>	<b>-</b>
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	68,7	59,6	-13,3
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	6,5	15,6	139,8
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	62,2	44,0	-29,3

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (86,6% немесе 422,0 млрд. теңге) сыйақының алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша (59,1% немесе 156,5 млрд. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Дилингтік операциялар бойынша таза кіріс 27,0 млрд. теңге болды (2005 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша – 11,3 млрд. теңге).

Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 0,86% (01.11.05ж. жағдайы бойынша – 1,77%), болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 7,01% болды (01.11.05ж. жағдай бойынша – 12,38%).

<b>Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер</b>	<b>01.11.05</b>	<b>01.11.06</b>
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	1,77	0,86
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE)	12,38	7,01
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	6,95	7,04
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфелінің кредиттеріне қатынасы	9,07	8,66
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	16,43	45,38
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	4,09	4,18
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	1,21	2,32

**Банк секторының шоғырлануы.** 2006 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 58,8%-дан 54,9%-ға дейін кеміді, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 59,6%-дан 54,9%-ке дейін кеміді.

3 ірі банктің банк секторының жиынтық несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 58,3% болды.

Жеке тұлғалар депозиттерінің шоғырлануының кемігендігі байқалады. 01.11.06ж. жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің

жалпы көлемінің 58,2%-і келсе, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осындай көрсеткіш 59,6%-ті құраған.

<b>Жиынтық банк секторынан үлес</b>	<b>01.01.06</b>	<b>01.11.06</b>
Үш ірі банктің активтері	58,8	54,9
Үш ірі банктің міндеттемелері	59,6	54,9
Үш ірі банктің меншікті капиталы	56,2	57,8
Үш ірі банктің несие портфелі	60,7	58,3
Үш ірі банк клиенттерінің <sup>5</sup> депозиттері, оның ішінде:	68,1	61,6
- заңды тұлғалардың	70,7	62,5
- жеке тұлғалардың	59,6	58,2

### Экономикадағы банк секторының ролі

<b>Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы</b>	<b>01.01.02</b>	<b>01.01.03</b>	<b>01.01.04</b>	<b>01.01.05</b>	<b>01.01.06</b>	<b>01.11.06</b>
ЖІӨ млрд.тенге	3 250,6	3 747,2	4 449,8	5 542,5	7 453	8 725 <sup>6</sup>
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	37,7	48,5	60,6	79,3
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	24,4	32,7	41,1	57,2
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,2	6,3	7,9	9,7
Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,0	18,6	21,8	29,0	33,9	47,8

<sup>1</sup> - 01.01.06ж. жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» ЖАҚ деректерін ескермей берілген;

<sup>2</sup> - "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ы;

<sup>3</sup> - уәкілетті орган бекіткен екінші деңгейдегі банктердің үшін нормативтік мәндер мен пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемесі туралы Ережеге сәйкес;

<sup>4</sup> - "Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары" 2222 шотын ескеріп;

<sup>5</sup> - клиенттердің депозиттері туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шоттарын ескере отырып берілген.

<sup>6</sup> - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігінің 2006 жылына болжам деректері.